



БҰЙРЫҚ

11 мөлтек аудан 74А
Тел(факс): 73-03-24
e-mail: gymnasium_32@mail.kz

ПРИКАЗ

11 микрорайон 74А
Тел(факс): 73-03-24
e-mail: gymnasium_32@mail.kz

№200

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу,
заңсыз ақшалай қаражат жинау» туралы

01.09.2023 жыл

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау үшін, педагогикалық ұжымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым басқармасының 2009 жыл 4 қыркүйектегі №5381 хатының негізінде және оқушы ата-аналарының тілегі бойынша мектептегі жөндеу жұмыстары, жабдықтарды сатып алуға, мектеп керек жарақтары үшін ата-аналардан заңсыз ақша жинауды қатаң бақылауға алу үшін

БҰЙЫРАМЫН

1. Жемқорлық әрекет пен заңсыз ақша жинауды болдыртпау мақсатында, білім алушылардың ата-аналарынан және заңды түрдегі өкілдерінен заңсыз ақша жинауды болдырмау шаралары қолданылсын.
2. Қазақстан Республикасы үкіметінің 1999 ж. 22 қыркүйектегі №1438 «Мемлекеттік білім мекемелерінде көрсетілетін ақылы қызмет тәртібі туралы қаулысы және 1999 ж. 22 қыркүйектегі №1441 «Мемлекеттік білім мекемелеріне түскен қаржылық және материалдық көмектерді пайдалану тәртібі» туралы қысқартылған қаулыдан басқа ата-аналардан ақша жинауға қатаң тыйым салынсын.
3. Педагогикалық ұжымда және ата-аналар комитетінде мектеп үшін заңсыз ақша жинауға болмайтыны жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
4. Ата-аналардан заңсыз ақша жинамау туралы мектеп мұғалімдерінен қолхаттар алынып, қосымша бетке тіркелсін.
5. Ата-аналардан заңсыз ақша жиналған жағдайда мұғалімге қатаң шара қолданылсын.
6. Заңсыз түрде ақша жинамау мақсатында оқушылар мен ата-аналар үшін «Сенім жәшігі» ұйымдастырылып, мектеп дәлізіндегі ашық демалыс орындарына қойылсын.
7. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» бойынша арнайы стенд жасалсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Д.Н.Искаков, Л.Ж.Барышева және А.Қалдығұловаға жүктелсін.

М.Құрманғалиева атындағы
№32 гимназия директоры:



А.С.Джамбулова